

Бекітемін:

Мектеп директоры: Ж.Ж.Сундетов



**Амангелді орта мектебі бойынша ыстық тамақты ұйымдастыруға арналған
жылдық жоспары
2023-2024 оқу жылы**

№	Жұмыс мазмұны	уақыты	Жұмыс түрі	Жауаптылар
1	Ыстық тамақты қадағалау және ұйымдастыру комиссия мүшелерін сайлау. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту.	қыркүйек	ұйымдастыру	Мектеп директоры Комиссия мүшелері
2	Аз қамтылған отбасы балаларын ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың тізімін енгізу	қыркүйек	тізімдеу	Әлеуметтік педагог
3	Ыстық тамақ ішетін оқушыларға асханадағы техника қауіпсіздік ережесі мен тәртіп ережелерін сақтау туралы нұсқаулықпен таныстыру	қыркүйек	Түсіндіру таныстыру жұмыстары	әлеуметтік педагог
	Мектеп директорының жанындағы кеңес отырысы: <ul style="list-style-type: none">• Оқушыларды ыстық тамақпен қамту;• Тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың тізімін жасақтау	қыркүйек	Әлеуметтік педагог	Жұмыс жоспары
4	Бекітілген тізім бойынша оқушылардың құжаттарын жинақтау	Ай сайын	құжаттану	Әлеуметтік педагог
5	Ас мәзірін және тамақтану уақытын бекіту	қыркүйек	Кесте	Мектеп әкімшілігі
6	Мектеп бойынша тегін тамақпен және аз қамтылған балалардың тамақтануының сапасын бақылау	Ай сайын	Акт жасау	Комиссия мүшелері
7	Күнделікті ыстық тамаққа баруын қадағалау	үнемі	бақылау	Әлеуметтік педагог Мектеп медбикесі
8	Асхана тазалығын сақтау, материалдық-техникалық жағдайын және санитарлық жағдайын қадағалау	үнемі	Тазалық жасау	Асхана кеңесшісі Мектеп медбикесі
9	Жалпы тазалық туралы	Ай сайын	лекция	Мектеп медбикесі
10	Дұрыс тамақтана білеміз бе? Оқушыларға кеңес	қазан	Түсіндірме жұмыстары	Мектеп медбике
11	Дұрыс тамақтана білу де - өнер	желтоқсан	сауалнама	Әлеуметтік педагог
12	Асхана жағдайы, асхана мәзірін бақылау	Токсан сайын	Бақылау тексеріс	Мектеп директоры комиссия мүшелері

Орындаған: Ахметова Д.С.

Мектеп асханасында тегін ыстық тамақ ұйымдастыру

Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша басты міндеттері:

- әлеуметтік қорғансыз отбасылар санатына жатқызылатын отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тамақтанумен қамту;
- ата-аналар (заңды өкілдер) қаражаттарының көмегімен оқушыларды рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасау;
- білім беру мекемесінің асхана бөлмелерінің материалдық базасын нығайту және жаңарту;
- қызмет көрсетудің жаңа озық формаларын дамыту және тамақтану мәдениетін жоғарылату;
- тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ата-аналар (заңды өкілдер) мен оқушылардың арасында ыстық тамақтанудың қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

Оқу жылының басында оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылады, мұнда тегін ыстық тамақ алуға құқығы бар оқушылардың тізімдік құрамы бекітіледі.

Тамақтандыруды ұйымдастыру

Бала денсаулығын, оның дене және ақыл-ой дамуын анықтайтын бағыттардың бірі өскелең ұрпақты сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған тамақтандыру оқушылардың денсаулығын сақтауға көмектесетіні сөзсіз. Амангелді орта мектебіндегі білім алушылар саны - 158. Оның ішінде аз қамтылған отбасы балалары саны - 19. Бастауыш сыныпта оқитын білім алушылар саны – 77, толық ыстық тамақпен қамтылған. Асхананың кезекшілік кестесі құрылып, белгіленген уақыт бойынша білім алушылар уақытында тамақтанады. 1,4,8 сыныптар асханаға екінші сабақтан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтанса, 2,3 сыныптар асханаға түстен кейінгі ауысымда екінші сабақтан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтануға барады. Сондай ақ, 5,6,7 сыныптар асханаға түстен кейінгі төртінші сабақтан кейінгі 15 минуттық қоңырауда тамақтанады.

Амангелді орта мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы асханадағы оқушылардың тамақтану және мұғалімдердің кезекшілік кестесі.

Күні	Тамақтану уақыты	Тамақтану ұзақтығы	Тамақтанатын сыныптар	Кезекші мұғалім	Кезекші әкімшілік
I ауысым					
Дүйсенбі	9.35-9.50	15 минут	1,4,8	Мусирова Л	Хитрук Е

Сейсенбі	9.35-9.50	15 минут	1,4,8	Тоғайбаева С	Жумина Т
Сәрсенбі	9.35-9.50	15 минут	1,4,8	Досжанова М	Ахметова Г
Бейсенбі	9.35-9.50	15 минут	1,4,8	Салық А	Төлепбергенов А
Жұма	9.35-9.50	15 минут	1,4,8	Мамбетова Л	Смагулова Э
II ауысым					
Дүйсенбі	15.50-16.05 17.40-17.55	15 минут 15 минут	2, 3 5,6,7	Бірімғалиев Ә	Смагулова Э
Сейсенбі	15.50-16.05 17.40-17.55	15 минут 15 минут	2, 3 5,6,7	Мұмеджан Л	Төлепбергенов А
Сәрсенбі	15.50-16.05 17.40-17.55	15 минут 15 минут	2, 3 5,6,7	Тлеугалиева С	Хитрук Е
Бейсенбі	15.50-16.05 17.40-17.55	15 минут 15 минут	2, 3 5,6,7	Жубатканова Г	Жумина Т
Жұма	15.50-16.05 17.40-17.55	15 минут 15 минут	2, 3 5,6,7	Кабылканова Л	Ахметова Г

Мектепте ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізіледі: ата-аналар жиналыстарында балаларды ыстық тамақпен қамту қажеттілігі түсіндіріледі; мектеп оқушыларымен тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ақпараттық және тәрбие жұмыстары: оқушыларды ыстық тамақтануға қатыстыру бойынша сынып сағаттары, сыныптан тыс шаралар өткізілген.

Жоспарлы түрде оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізіліп отыр: тамақтану үшін сабақ арасындағы үзілістерді ұйымдастыру, биология және технология пәндері бойынша оқу бағдарламаларының жоспарына тамақтану мәдениеті туралы сауалдарды қосу және т.б. Үйлесімді тамақтандыруды бақылау жүзеге асырылады, мектептің медициналық қызметкері тамақтану мәдениеті мен салауатты өмір салтын насихаттау бойынша дәрістер ұйымдастырады, көрнекті насихаттау жұмыстары жүргізіледі: сурет байқаулары, сыныптарда денсаулық бұрыштарын жабдықтау жүзеге асырылады.

Оқушыларды тамақтандыру белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Бастауыш сынып оқушыларын сынып жетекшілері асханаға алып барады және кезекші мұғалімдер тамақтану кезіндегі оқушылардың тәртібін қадағалайды.

Тамақтану блогы түрі – асхана.

Отыратын орындар саны 35 орын.

Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптарды қанағаттандырады. Күн сайын ғимарат жиналып, сенбі күндері санитарлық күн болады. Тағамдарды сақтау да санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге

асырылады. Қауіпсіздік техникасы ережелері сақталады, жұмыскерлермен тұрақты түрде ҚТ бойынша нұсқамалар жүргізіледі. Біздің асханада тағамдарды дұрыс сақтауға баса назар аударылады. Мектепте әр түрлі тағам өнімдерін дұрыс сақтауға арналған тоңазытқыш камералар бар, мұнда әр тағам түрі жеке сақталады. Олардың бар болуы тағам өнімдерінің сапасын тікелей дайындағанға дейін сақтауға жағдай жасайды. Тамақтану блогы жұмыскерлерінің арнайы жұмыс киімдерін киюі міндетті болып табылады. Бұл қажетті санитарлық гигиеналық нормаларды сақтауға мүмкіндік береді.

Мектепте ұйымдастырылған тамақтандырумен қатар буфет жұмыс жасайды. Мұнда пирожки мен шай сатылады. Мектептегі ауыз су режимін ұйымдастыру да аса маңызды мәселелердің бірі. Мектеп асханасы толықтай қажетті ыдыс-аяқпен жабдықталған. Оның тазалығына баса назар аударылады. Жуу мен залалсыздандыру барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі, ең жақсы залалсыздандыру құралдары пайдаланылады. Мектептегі жұмыс жасаған уақыт ішінде асхананың кінәсінен асқазан-ішек жұқпасымен ауыру жағдайлары болған жоқ. Асханаға кіреберісте оқушылардың қолын жууға арналған арнайы орын бар. Дайындалған тағамдардың сыртқы түріне баса назар аударылады, сол себепті біздің аспаздар оған аса мән береді. Асханада үй жағдайындай жайлылық пен жылу сезінуге болады. Осылардың барлығы тамақтануға қосымша қолайлы жағдай жасайды.

Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру жүйесінің міндеттері келесідей:

- оқушыларды толық ыстық тамақпен қамтамасыз ету;
- тағамның нәрлілігі мен үйлесімділігін қадағалау;
- оқушыларға салауатты өмір салты ұстанымдарын үйрету;
- жағымды дағдыларды қалыптастырып, салауатты өмір салтына қажеттілікті қалыптастыру;
- тамақтану мәдениеті мен өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру;

Аталмыш міндеттердің шешімін табу үшін бірқатар қызметкерлер жұмылдырылған, олар ең алдымен асхана жұмыскерлері болып табылады.